



## Сағындық ҚОЖАМСЕЙТОВ, Жезқазған қаласы мемлекеттік мұрағатының археографы.

1941жыл 22 маусымда Германия фашизмі сұрқиялықпен, алдын ала соғыс жарияламастан, тұтқиылдан Кеңес Одағына кең көлемде шабуыл бастады.

Бүкіл Кеңес елімен қатар қарсақбайлықтар да жұдырықтай тастүйін болып, қаһарына мініп, жауға қарсы көтерілді. «Фашист басқыншыларының кеңіргеніне от шашқан қара мысты лықылдата



С.Жұмаевұлов.



М.Жүсіпов.



К.Сейтенов.

құямыз!», «Бәрі майдан үшін бәрі Жеңіс үшін» деп шешті Қарсақбай мыс зауытының металлургтері, балқытушылары, транспортшылары 1941 жылы 22 маусымдағы митингінде.

КСРО Түсті Металлургия министрлігі жүйесінде соңғы жылдары іске қосылған алып зауыттардың қатарында Қарсақбай шағын кәсіпорын көрінетін. Бірақ, оның кісі назар аударарлық байсалды тұлғасы басқалармен салыстырғанда ерекше тұрды. Мәселен, зауыт 1943 жылы бүкіл Португалияның 1940 жылғы өнімінен көп қара мыс берді. Немесе оның жалпы мыс көлемі сол кездегі Болгарияның барлық мыс балқымасынан 4 есе асып түсті.

Осы сындарлы сәтке Қарсақбай жерінде шеберлігі жоғары, саналы, жауапкершілік жүгін түсінетін отаншыл жұмысшылар мен инженер-техник кадрлары қалыптасқан еді. Анау ағылшындар уақытында жұмыс істеген Хамза Байзақов мыс қорыту цехында ауысым шеберіне дейін көтерілді. Оның кіші інісі байыту фабрикасында машинист, екіншісі — флотатор, үшіншісі — шарпу пешінде горновой, төртіншісі — конвертор

# Қаһарлы Қарсақбай

цехында формовщик болып істеді.

1941 жылдың 16 тамызында осы жылдың соңғы ширегі мен 1942 жылды толық қамтитын елдің Шығыс аймақтары бойынша әскери-шаруашылық жоспары қабылданды. Зауытта ауысымды өткізудің және қабылдаудың қатаң тәртібі енгізілді.

Соғыс жағдайында Қарсақбай зауытының 1941 жылғы мыс балқыту жоспары 11 пайызға арттырылды. Зауытты реконструкциялау күрделі қаржысыз, шаруашылық әдіспен жалғастырылатын болды. Өндірісті басқарудың жаңа схемасы енгізілді.

Ағымдағы жөндеуге мамандандырылған цех жабылды. Мемлекеттің біраз қаржысы үнемделіп, өндірісті дамытуға жұмсауға жағдай туды.

Ерлер майданға аттанды. Бір жеті ішінде зауыттың дирекциясы мен партия комитетіне жүзден астам әйел келіп шофер, тракторшы, слесарь, электромонтер мамандығын меңгеруге тілек білдірді. Бірнеше балалар бақшасы ашылды.

Соғыстан бұрын зауытта істейтіндердің 7 пайызы ғана әйелдер еді, енді әйелдердің үлес салмағы 40 пайызға немесе 1100 адамға жетті. Байыту фабрикасында еңбек ететін әрбір үшеудің екеуі қыз-келіншектер болды.

Қарсақбай зауытының байыту фабрикасында мотор жүргізуші Белдинова Әсия, флотатор Неплохова Вера, теміржолда слесарь Қазбекова Бибисара, темір пісіруші Жамал Жүсіпова аз уақытта мамандықтарын ұршықтай үйіріп, озаттарға қосылды.

Ағасы қолына қару алып, майданға аттанғанда Қожамсейітова Аяулы оның орнына зауыттың кран жүргізушілігіне сұранды. Тәжірибелі кран жүргізуші Байқас Мәмбетовтен бір жеті үйреніп, өз бетімен жұмыс істеу құқығына ие болды. Ісіне риза болған металлургтер, «біздің Аяулы мысты қалыпқа аққұманнан шәй ағызғандай бір тамшысын шашау жібермей құяды» деп мақтаныш ететін.

Қапарова Кенжетай 1940 жылы Орталық электр станциясының турбина машинисінің көмекшісі болып жұмысқа кірісті. Одан 10 жыл бойы табан аударған жоқ. Қарқынды және тындырымды ісімен еңбек бәсекесінде алда болды.

Тамыздың бірінші жартысында конверторшы Абдықадыр Ниязов алты рет қатарынан шапшаң балқыма берді. 1941 жылдың өзінде конверторшы Камен Сейтенов шапшаң ауыр балқыма беру әдісін игерді. Ол конвертордың жобалық қуатын 15 пайыз, артынша 40 пайыз арттырған бірінші металлург еді. Ертеңінде Совинформбюро оның бұл еңбектегі ерлігін бүкіл әлемге әйгі етті.

Тамыз айында зауыт ұжымы айлық жоспарды тұңғыш рет орындап шықты. Сөйтіп, соғыстың алғашқы үш айында оның өндірістік көрсеткіштері шихта балқытудан — 46,6 пайыз, кен өңдеуден — 19 пайыз, концентрат шығарудан — 39,5 пайыз, жүк тасымалынан — 46,4 пайыз артты.

17 қыркүйекте Майгел Көкөзовтың ауысым ұжымы майдан вахтасына тұрып, конверторға 152 тонна штейн берді. Екінші күні ол өзінің рекордын 5 тоннаға арттырды. 150-153 тонна штейн өндіру А.Манукян, Л.Лобанов жетекшілік ететін ауысымдарда дағдыға айналды. Шарпу пешінің табанына шаққанда шихта балқытпасын 2 есе арттырудың тиімді жолы табылды.

1941 жылы тамызда «Сибэнергокомтаж» тресі участогінің ұжымы Қарсақбай электростанциясында сағатына 16-22 тонна бу шығаратын қазандық пен 1942 жылы маусымда қуаты 3000 киловатт турбинаны іске қосты.

Металлургтер тағы бір шарпу пешін салу керек деп белді буып, тәуекел іске кірісті. Металлконструкциялар, отқа төзімді кірпіштер жоқ болатын, ал, істің мәнін білетін құрылысшылар аз еді. Сонда да тартынған жоқ. Жөндеу-механикалық цехы керекті

металл бұйымдарды жасады, сапасы кем емес кірпішті қолдан құйды, апта сайын қалашықтың тайлы-таяғы жаппай қатысқан сенбілік, жексенбіліктер өтіп отырды. Сөйтіп, 13 айдан кейін 1943

жылы 8 қыркүйекте пешті кептіріп, қыздыру үшін от тұтатты, 10 күннен кейін (1928 жылы бір ай қыздырған) 18 қыркүйекте тұңғыш штейн берді. Бұл бүкіл қарсақбайлықтардың ортақ жеңісі болатын.

1941 жылдың қазанында шарпу пешінің көмейі тартпай, шихта қорыту азая берді. Жұмыс өте ауыр еді. 120-150 градус тозақ отындай қайнаған ыстықта темір оттықты көсеумен, батпан балғамен қатқан күлдерден тазарту керек болатын. Жұмысты тәжірибелі ауысымдық шебер Дана Қошқарбаева басқарды. Ол пеш жанынан бір минутқа кетпеді, ұтымды кеңес берді, қолғабыс жасады. Жанған отқа бірінші болып конвертор шебері Мұзафар Жүсіпов, Қаржан Байжіков кірді. Аядай жерде балғасы бұрыс кетсе, бірінші басынан тиегің аңдаусызда денесі жалындаған қабырғаға соқса, сол сәтінде еті мен сүйегі күл болатыны анық еді. Бұған 5 минуттан артық шыдау мүмкін емес-ті. Келесі кезекте Мырзағұлов пен загрузчик Әшірбек келді. Осылай жекпе-жек жалғаса берді. Бір тәулікте пештің көмейі тазартылды, оның жұмысы қалыпқа түсті, мыс бұлағы үздіксіз жалын шашып, ағып жатты.

Бұл бір емес. 100 градустан астам от лебі бетті қарыған ыстықта «Гарбе » бу қазанының оттығына кіріп, күлін тазартып, колосниктері мен зольнигін айырбастаған Сары Сүлейменов, Марченколардың ерліктерін ұмытуға болмайды. Бір жетілік жөндеу жұмыстарын олар от құшып жүріп, бірнеше сағатта тындырды.

Қарсақбай және Балқаш комбинаттарын қорғасынмен қамтамасыз ету үшін 180 шақырым қашықтықта жатқан Қорғасын кенішінде кен өндіріп, қарапайым кен қорытатын пеш іске қосылды.

Соғыс жылдарындағы Қарсақбайдың келбеті аса кәрі де, сұсты еді. Ол Отан қорғаушыларға мыстан басқа да қуатты қарулармен көмектесті. Онда арнаулы №1 әскери цех құрылып, майданды аса қажетті жарылғыш заттармен, мина корпустарымен, басқа да соғыс материалдарымен үздіксіз жабдықтап тұрады.

1942 жылы 82 миллиметрлік 20 мың дана мина корпустарын шығару тапсырылған еді. Өнім технологиясын игеру қарсақбайлықтарға оңай болған жоқ-ты. Өндірістің бір бөлігі осыған лайықталды, жаңа станоктар орнатылды, кадрлар дайындалды. 1942 жылдың 7 айында 34150 дана мина корпусы дайындалды. Осылайша айлық көрсеткішті 8000 дана мина корпусына жеткізу межесіне қол жеткізді.

1941 жылы 5 тамызда «Севроникель» комбинаты құрал-жабдықтарымен, мамандары отбасыларымен Кеңгір қалашығына көшіп келді. Қарсақбай мамандары оларға соғысқа керек бұйымдар шығаруға көмектесті.

Қарсақбай зауыты Жезқазған кеншілеріне қопарғыш заттар, қағаз, шыны жасауға қол ұшын берді. Байыту фабрикасы үшін өздері шойын шарлар құйды. Диірменнің подшипниктерін, агрегаттар мен машиналардың басқа да қосалқы бөлшектерін қолдан жасады.

1945 жылға қарай зауыт өндірісінде 1519 адам жұмыс істесе, оның 507-сі, яғни әрбір үшіншісі әйелдер болды. Ал, 1943 жылы қарашада 677 әйел еңбек еткен еді. Соғыстың алғашқы үш жылында 628 әйел жұмысшы мамандығын меңгерді. Олардың 291-і қазақтар болатын.

Еңбек озаттарының қатары толығы түсті. 1943 жылы стахановшылар саны — 305, еңбек екіпінділері — 254 адамға жетті. Зауыт 1940 жылы 6603 тонна мыс берсе, 1941 жылы 7828 тонна, 1942 жылы 7165 тонна мыс берді, 1940

жылы байыту фабрикасы 158858 тонна кенді өндесе, 1941 жылы 197453 тонна, 1942 жылы, 196660 тонна мыс кенін өндеді.

1942 жылдың тамызында Қарсақбай металлургтері мен байытушылары Бүкілодақтық социалистік жарыстың жеңімпазы болды.

Қарсақбай зауытында 1943 жылы орта есеппен жұмыс нормасы 116 пайызға орындалды.

Майдандық еңбек вахтасын металлургтер Ахмет Смаилов, Сәмет Жақенов, Асанбай Сейітов, Шоқай Қаңтарбаев, Домбай Арыстанов, тағы басқа ондаған, жүздеген отты мамандық иелері ойдағыдай атқарды.

1943 жылы 30 маусымда Түсті Металлургия Халық комиссары аса үздік, көрсеткішке жеткені үшін Қарсақбай мен Байқоңырдың 17 стахановшы жұмыскерлері мен инженер-техник қызметкерлерін «Түсті Металлургиядағы социалистік жарыстың озаты» төсбелгісімен марапаттады, 17 стахановшыға Наркомның мақтау қағаздары тапсырылды. Марапатталғандардың арасында зауыт директоры И.С. Шитиков, байыту фабрикасының бастығы Овчинников, металлургиялық цехтың бастығы Ю.К. Победоносцев, паровоз машинистері Н.Таңқыбаев, Т.Аманов, конвертор мастери М.Қошанов, Ш.Қаңтарбаев, забойшылар І.Жандарбеков, А. Сеилов т.б бар еді.

Көптің арасындағы Түсіп Аманов 16-17 жасар бозбала еді. 13 жасында темір жолға келген. Көзі қарақты, жұмысы орнықты, зейінді комсомол мүшесі болатын. Бір жылда ұжымға тастай батып, судай сінді. Паровоз машинисі куәлігін де алып үлгерді. Ұлы Отан соғысы жылдары паровоз жүргізушілердің комсомол-жастар бригадасын ұйымдастырды, атақты теміржолшылар Мырзатовтармен жарысқа түсіп, үзеңгі қағыстырып отырды. Жаңа Жезқазған мыс зауытын жүргізуге қатысып, зейнеткерлікке шықты. Үшінші дәрежелі «Еңбек Даңқы», «Құрмет Белгісі» ордендерімен марапатталды.

Қарсақбай байдың немересі металлург Сейітжаппар Әбділдінов, байытушы Молдабай Саханов, паровоз машинисі Уәлі Игібаев мыс үшін шайқастың нағыз батырлары атанды. Мемлекеттік марапаттарға ие болды, есімдері құрмет тақталарында жарқырап тұрды.

Соғыстың алғашқы жылдары Байқоңыр көмір ошағының жұмысын ширатып, көмір өндіруді шұғыл көбейтудің жедел шараларын іске асыруға тура келді. Оның мәнісі 1938 жылы Қарағандының қызулы, жылтыр тас көміріне қол жеткен соң мыс қорыту зауыты, электростанциялары, жылу орталықтары Байқоңырдың қоңыр көмірін жақпайтын болды. Ал, 1939 жылы Қарсақбай-Жезқазған өңірі ауыр өндіріс кәсіпорындары құрылымында өзгеріс болды. Енді Жезқазған мыс комбинаты Қарсақбай мыс зауыты, құрамында Байқоңыр көмір ошағы бар және Жезқазған кен басқармасы болып екіге бөлініп, одақтық министрліктің тіксті басқармаларына тікелей бағынатын болды.

Енді жағдай өзгерді. Ұлы Отан соғысы басталған алғашқы күндердің өзінде-ақ Қарағанды көміріне тек мыс балқыту зауытының ғана сұранысы қанағаттандырылды. Қалған Жезқазған, Қарсақбай, Кеңгірдегі өндірістік кәсіпорындар, цехтар, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтары тез арада Байқоңыр көміріне көшірілді. Көмір өндіру, оны поезбен тасып, Қарсақбай мен Жезқазғанға толассыз жеткізу жұмысы күнбе-күн қатаң бақылауға алынды.

— Міне осындай зор міндетті, дейді сол кездегі Байқоңыр кенішінің партком хатшысы, кейін Жезқазған аудандық атқару комитетінің төрағасы болған Аллаяр Тәлкенов, Байқоңыр көміршілері асқан абыроймен, ойдағыдай орындап шықты. Тасқындаған халық жігері нендей қиындықты болса да жеңіп шығатынына біздің көзімізді



Т.Аманов.



Д.Қошқарбаев.



Д.Мырзатов.



Ш.Қаңтарбаев.

жеткізді» — деген еді кезінде.

Соның бір көрінісіндей Байқоңыр көмір ошағының отқатчигі Ақшабақ Тілеубаеваның Қарағанды облысы әйелдерінің бірінші слетіндегі сөзін келтіре кетсек артық болмас. Ол «Мен Байқоңырда 1933 жылдан еңбек етемін. Соғыс басталған соң кеніш әйелдері балаларын үйге қалдырып, белді бекем ұйымдастырды, атақты теміржолшылар Мырзатовтармен жарысқа түсіп, үзеңгі қағыстырып отырды. Жаңа Жезқазған мыс зауытын жүргізуге қатысып, зейнеткерлікке шықты. Үшінші дәрежелі «Еңбек Даңқы», «Құрмет Белгісі» ордендерімен марапатталды.

Байқоңырлық бұрғышылар, кейін Ленин орденінің иегері атанған Сәрсенбек Жұмағұлов, Үдербай Мақышев, Қалтай Дәндіров, белгілі стахановшылар Мұқан Үлкенбаев, Бортан Ералиев, забой жұмыскері Токбай Бозаев, Сейтмағанбет Төленов, тағы басқа ондаған көміршілер ауысымдық тапсырмаларын екі-үш есе асыра орындап отырды.

Қарсақбай мыс зауыты металлургтерінің ерлік еңбегі Ұлы Отан соғысы тарихына алтын әріппен жазылып қалды. Ол біз үшін отансүйгіштіктің, еңбек майданындағы ерліктің, адам мүмкіндігінің аса шексіздігінің үлгісі болып табылады.